



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Қоғам мәдениетінің өзгеруі мен
дамуының тілдегі көрінісі





Дәрістің мақсаты: оқырман қоғамдық өмірде болып жатқан әр алуан саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер мен уақиғалардың тілдің жүйелік құрылымы мен функционалдық типтеріне түсірген өзгерістерін қазақ тілінің мысалында көз жеткізеді.

Дәрістің басты терминдері: пафос, этос, логос, тілдің функционалдық типтері.

- Пафос – қоғам өмір сүрген дәуірдің тілдік тынысы;
- Этос – қоғамның тілдік тұлғасы;
- Логос – қоғам өмір сүрген тілдің құрылымы мен жүйесі;
- Тілдің функционалдық типтері – стандарт тіл, оның жазба, ауызша қызмет түрлері, функционалдық варианттары, яғни тілдің қолданыстағы типтері.

1. Жаһандану үрдісінің позитивті және негативті жақтары

Профессор Тер-Минасованың еңбегінде үлкен бір тарау бар. Ол «Қоғам мәдениетінің өзгеруі мен дамуының тілдегі көрінісі» деп аталады. Осы тақырыпты біз қазақ тілінің ағзасы негізінде түсіндіріп көруді жөн кереміз. Өйткені бұл пән негізінен қазақтілді топ тыңдаушыларына арналғандықтан негізгі нысан солай болуы керек және бұл мәселе жөнінен профессор Н. Уәлидің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты 2007 жылы қорғалған докторлық диссертациясы оқып танысуларыңызға болады.

Ғалым еңбегі бойынша, алдымен жаһандану үрдісінің позитивті және негативті жақтарына, содан кейін кеңес және посткеңестік дәуірдегі тілде болып өткен және болып жатқан өзгерістер туралы сөз ететін боламыз. Кез келген тілдік жүйе үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Өз ана тілінде сөйлейтін не жазатын индивид сол тілді тасымалдаушы миллиондаған адамдарға еліктей отырып (егер бұл ірі халықтың дамыған тілі болса), тілдегі дайын тұрған құрылымдарды қайталайды, тіл қазынасынан тілде әбден орныққан сөйлеу актілерін, жүйелі түрде қолданысқа түскен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өзіндік сөйлеу үлгілерін жасайды және тілдік шығармашылықты қалыптастырады. Мұндай тілдік шығармашылық өзара қайшылықтағы екі жолмен айқындалады: оның біріне – стимул ретінде сөз шеберлерінің тілі алынуы мүмкін, екіншісі – тілдік қателер, ескертпелер, тілдегі кездейсоқтық, яғни нормадан мақсатты және уәжсіз ауытқулар жасайды.

«Қазіргі қазақ қоғамының санасында тіл доминанталы қорыншақты», – дейді Н. Уәли. Тілдің табиғатын, болмысын, қызметін, мәнін түсінуде көзқарас тереңдей түсті. Тілдің социум, жеке адам, ұлттық мәдениетте алатын орны айрықша екені тілтанымда серпін туғызып, логика-семантикалық әдістің, феноменологиялық, герменевтикалық, лингвокогнитивтік концепцияларды қалыптастыруда, структурализмде тілді ерекше таңбалар жүйесі ретінде қарастыруда және постструктурализмнің лингвистикалық бағдарламасын жасауда мәні зор болды.

Жаһандану үрдісінің позитивті жағы: экономикалық, финанстық қатынастарда, өндіру, өткізу салаларында интеграция күшейтті. Коммуникациядағы мәдениетаралық диалог арқылы әртүрлі, әртекті мәдениеттің бірін-бірі тануына, артықшылықтарын білуге, сөйтіп, өзінің ішкі әлеуеттерін көтеруге септігін тигізді.

2. Қазақ сөзінде кеңестік кезеңдегі өзгерістері

Негативті жағы жаһандану үрдістері етек алып, қарқыны күшейе түскен қазіргі дәуірде мәдениықпалдастық, ауыс-түйістік, аралас-құраластың көбеюі мәдени диалогты қиындатып, жаһандық мәдениеттің монологтік сипатын күшейте түсті, сөйтіп ұлттық мәдениеттің өрісін тарылтатын қауіпке айналды. Мұндайда әлемде бір ғана мәдениеттің үстемдігі күшейе береді. Әсіресе жас буындарда өзге мәдениетке деген әсіре қызығушылық, шектен тыс құмарлық этнотілдік ұжымның мәдени-тілдік болмысынан айырылу қаупін туғызады.



Бұндай дағдарысты жағдайда ұлттың сыртқы дүмпуге төтеп бере алатындай рухани әлеуеті күшті болуға тиіс.

Қоғам – әлеуметтік организм. Қоғам өмір сүрген дәуірдің, кезеңдердің алар тынысы, қозғаушы тұлғасы, естілер үні болады. Қоғам өмір сүрген дәуірдің тілдік тынысын пафос, тілдік тұлғасын этос, ал сөзін логос деп атауға болады.

Қоғамдық өмірде болып жатқан әралуан саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер мен уақиғалар тілдің жүйелік құрылымы мен функционалдық типтеріне [стандарт] тіл, оның жазба, ауызша қызмет түрлері, функционалдық варианттары т.б. коммуникативтік құрылымына өзінің «із-таңбасын» қалдырмай кетпейді.

1920–1990 жылдары Қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени өміріндегі ерекше дәуір болып табылады. Кеңестік деп аталатын бұл дәуір қазақ тілінің 1) жүйелік; 2) функционалдық; 3) коммуникативтік құрылымдарына өзінің оң және теріс таңбасын қалдырды.

Тілдік құрылымдағы негативті белгілер: Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде объективті ақиқаттың, ойлаудың үзіктерін ұлттық таным, тәжірибе негізінде вербалдау мешеуледі. Номинациялық бірліктер калька-аударма тәсілі арқылы жасалып, сөзжасам жүйесінде уәжділіктен гөрі шарттылық көбейді; терминдер мен атаулар номинативтік бірлік түрінде қалды, сөз айналымда жұмсалмады; орфоэпиялық нормалардан уәжсіз ауытқулар көбейді. Ал функционалдық құрылымдағы негативті белгілері мынау: әдеби тілдің стильдерінің номинативтік базасы болғанымен, коммуникациялық базасы дамымай қалды; қазақ тілі ғылым, ақпарат, басқару т.б. саласында аз жұмсалды; бұқаралық ақпарат құралдары тілінде қара алтын, ақ алтын сияқты жасанды сөз «әшекейлері» көбейді; ғылыми-көпшілік, саяси мазмұндағы шаршы сөзде метафора, теңеу, параллелизмдерді қолдану жөнсіз көбейді. Тілдің интеллектуалдану үрдісі бәсеңдеп қалды.

Ал посткеңестік кезеңнің басты ерекшелігі ретінде ғалым жарнамалық мәтіндердің көбеюін атайды. «Жарнама прецеденттер қоғамдық санаға өзінің құндылықтар жүйесін сіңіре бастады», – дейді профессор. Қоғамдық санадағы «күштілік», «сұлулық», «рақат», «ләззат», «сәттілік», «байлық» тәрізді концептілер бұрмаланды. Мысалы: «арақ-шарап, сыра өнімдері «күштілік»; автомобиль «байлық, салтанат»; парфюмерия өнімдері, зергерлік бұйымдар «сұлулық», «сәнділік», ұтыс ойындары «сәттілік» т.б. тәрізді. Ал «адамгершілік», «ар-ұят», «қайырымдылық», «еңбексүйгіштік», «әділет» тәрізді құндылықтарды білдіретін концептілер қоғамдық-әлеуметтік мән алмай (актуалданбай), тілдік тұлғаның когнитивтік санасындағы орталық аймақтан шеткері аймаққа ығыстырыла бастады.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. «Осыдан 10 жыл бұрын әйтеуір қазақша сөйлегендерге мәз болып едік. Қазір нормамен сөйлеуін талап ете бастадық» деген сөзге мысал келтіре аласыз ба? Талап не себептен қойыла бастағанын ойландыңыз ба?
2. Қазіргі қазақ қоғамының санасында тілдің доминанттық орынға шығуына түрткі болған, негіз болған 1–2 жайтты атап көріңіз.
3. Өзіңізді қандай коммуникативтік тұлғаға жатқызар едіңіз, не себептен? Ойланыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Тілдің жүйелік құрылымы мен функционалдық құрылымының арасында қандай айырмашылық бар?
2. Тілді онтологиялық, антропологиялық, аксиологиялық, концептологиялық тұрғыда зерттеу дегенімізді қалай түсінесіз?
3. Кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің этосы қандай болды?



Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Алматы, 2007. Докторлық дисс.
2. <https://itube.kaztrk.kz/kz/videos/27317/qazaq-tiline-sinisip-ketken-kirme-sozder/>.
3. Рыбаков С.Е., Философия этноса. – М., 2001. – 360 с.
4. З. Арғынбаев оқулары. Жинақ. – А., 2018.
5. Сабитова З.К., Лингвокультурология. А., 2013, – 528 с.
6. Күдерінова Қ., Қазақ тіл білімі деңгейлерін оқытудағы ескерілмей жүрген бір мәселе // ЖОО-да оқыту үдерісін білім беру бағдарламаларын жаңартылған мазмұн негізінде ұйымдастыру. Семинар жинағы. – А., 2016. – 148 б.
7. Карлинский А.Е., Взаимодействие языков: билингвизм и языковые контакты. – А., 2011, – 264 с.
8. Почепцов Г.Г., Теория коммуникации – М., 2001. – 651 с.